



Алматы облысының халық саны картасы

АЛМАТЫ



Жоспары:

1. Кіріспе
2. Негізгі бөлім
 - I.Карта мазмұны
 - II.Алматы облысының аймақтық ерекшеліктері
 - III.Алматы облысының халық саны картасы
3. Қорытынды
4. Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Алматы облысы — Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысындағы әкімшілік бөлік. Жерінің аумағы 224,0 мың км². Облыс аумағында 17 аудан және 3 облыстық бағыныстағы қала (Қапшағай, Талдықорған, Текелі) бар. Тұрғыны 2 017 638 адам (2018). Әкімшілік орталығы — Талдықорған қаласы. Алматы облысы батысында Жамбыл, солтүстігінде Балқаш көлі арқылы Қарағанды, солтүстік-шығысында Шығыс Қазақстан облыстарымен, шығысында Қытай Халық Республикасымен, оңтүстігінде Қырғызстан Республикасымен шектеседі(1-сурет).



1-сурет. Алматы облысының орналасуы.

Тақырыбы

Алматы облысының халық саны картасы

Мақсаты

Алматы облысының халық
саны картасын құру

Карта мазмұны

Картада Алматы облысының халық тығыздығын, халық санын, шоғырлануын көрсетемін. Сонымен қатар карта бетінде Алматы облысының құрамына кіретін 16 аудан мен 3 қала (Текелі, Талдықорған, Қапшағай) шекаралары, орталықтары көрсетілді. Облыста барлығы -1.947.552 адам тұрады. Соның ішінде қазақтар-1386987, орыс халқы-279032, ұйғыр-153491, әзербайжан ұлты-16961, түрік-36453, басқа ұлт өкілдері- 84628. Жалпы Алматы облысында 103 ұлт пен ұлыс өкілдері бар.


Облыстың аймақтық ерекшеліктері

Алматы облысы — Қазақстан Республикасының қазіргі оңтүстік шығысындағы облыс. Алматы облысы 1932 жылдың 20 ақпанында құрылды. Орталығы Алматы қаласы болып белгіленді. 1944 жылдың наурыз айында оның құрамынан Талдықорған облысы 11 ауданмен бөлініп шықты. 1957 жылдың соңында Алматы және Талдықорған облысы бірігіп, 1967 жылы Талдықорған облысы қайта бөлініп шықты. Екі облыс - Алматы және Талдықорған соңғы рет 1997 жылы бірікті.


Облыс құрамына 16 аудан және облыстың қарауына жататын 3 қала (Талдықорған, Қапшағай, Текелі) кіреді. Қазақстан Республикасы Президентінің «Алматы облысының облыс орталығын көшіру туралы» 2001 жылғы 14 сәуірдегі №585 Жарлығына сәйкес облыс орталығы Талдықорған қаласы болды.

Аумағы 223,9 мың шаршы шақырымды құрайды. Өңірде 777 елді мекен бар. Облыс халқының саны 2009 жылғы 1 желтоқсандағы дерек бойынша 1691,5 мың адамды құрайды. Өңірде 103 ұлт пен ұлыстың өкілі бар.

Облыстың шығысы ҚХР-мен, оңтүстігінде Қырғыз Республикасымен (Шу және Ыстық көл облыстарымен) шектеседі. Облыс айтарлықтай күрделі географиялық сипатқа және сан алуан рельефтерге ие. Солтүстік бөлігі жартылай елсіз дала, Балқаш көліне қарай ығысады және ежелгі Іле өзенінің арнасы қиып жатыр, олардың ең кереметі — Бақанас. Жеке екі сілем бар — оңтүстігінде және шығысында — тау жоталары созылып жатыр: Жетісу Алатауы және Жоңғар Алатауы (Тянь-Шань таулы жүйесі). Олардың жапсарында ақырындап төмендейтін баурайы мен Іле өзенінің орташа арнасы орналасқан. Облыстың табиғаты мен жер бедері ала құла. Балқаш және Алакөлге ұласатын солтүстігі көлбеуленген құмды жазық алқап. Тау етегіндегі аудандар үшін дала өсімдігі жайқалып тұрады, тауға қарай беттегенде жапырақты орманды қылқан жапырақтылар ауыстырады. Жануарлар әлемі көптеген биологиялық түрлермен толыққан: сүтқоректілердің 24 түрі, құстың -35 түрі кездеседі, жорғалаушылар мен балықтар ерекше қор.



Облыстың табиғаты мен жер бедері ала-құла. Балқаш және Алакөлге ұласатын солтүстігі көлбеуленген құмды жазық алқап. Бұл өңір негізінен антропогеннің аллювийлік және эолдық шөгінділерінен түзілген. Оның басым бөлігін Сарыесікатыраудың, Тауқұмның, Лөкқұмның, Қарақұмның, Қорғанқұмның қырқалы және төбешікті құмды алқаптары алып жатыр. Балқаш маңы жазығының Іле аңғары өтетін атыраулық бөлігі көне құрғақ арналармен тілімделген. Солтүстік шығыста Жетісу Алатауы мен Барлық тауының аралығында Жетісу (Жоңғар) қақпасы орналасқан. Облыстың шығысын Жетісу Алатауының сілемдері толығымен қамтыған. Олар тауаралық ойпаңдар мен қазаншұңқырлар арқылы бөлінген.



Жетісу Алатауының ең биік тауы — Бесбақан (4442 м) орналасқан. Тау сілемдерінде 1300-ден астам мұздық бар, олардың жалпы ауданы 1,0 мың км²-ге жуық. Жетісу Алатауының кейбір сілемдері (Қолдытау, Алтынемел, Малайсары, Тышқантау, Текелі, Сайқан т.б.) өзен маңындағы жазық өңірлерге сұғына еніп жатыр. Облыстың оңт. және оңтүстік-шығысы Іле, Күнгей, Теріскей Алатаулары, Кетпен (Ұзынқара) жотасы және Солтүстік Тянь-Шань сілемдерінің т.б. жоталарынан құралған. Жетісу Алатауы мен Іле, Күнгей Алатаулары және Кетпен таулары аралығында Іле ойысы (аңғары) жатыр. Алматы облысының оңтүстік-батысын және батысын Шу, Іле таулы үстірттері мен далалары қамтыған (Жусандала, Бозой, Қараой үстірттері).

(Жұлаңдау, розон, Қараон Астірттері):
батысын Іле таулы Астірттері мен Ұлытауы қамтыған
(аңғары) жатыр. Ұлытау ойысының оңтүстік-батысын және
Ұлытауы және Кетпен таулары арасында Іле ойысы
т.б. жоталарынан құралған. Жетісу Ұлытауы мен Іле, Құлнәл
(Ұзынқара) жотасы және Солтүстік Тянь-Шань сілемдерінің
оңтүстік-батысын және батысын Шу, Іле таулы үстірттері мен далалары қамтыған

Геологиясы

Облыстағы таулар Тянь-Шань тау жүйесінен бой түзеген және кембрийге дейінгі кристалды тақта-тасты тау жыныстары қабаттарынан түзілген. Сондай-ақ мұнда конгломераттар, туфтар, әктастар, граниттер т.б. палеозой жыныстары кеңінен тараған. Тау етегі және облыстың биіктігі орташа өңірлері плейстоцен мен антропогендік шөгінділерден түзілген. Облыстағы таулардың алғашқы қалыптаса бастау кезеңі герцин қатпарлығымен тығыз байланысты. Одан кейінгі кезеңдерде бұл таулар бірте-бірте мүжіліп, адырлы жазық (пенеплен) қалыптасқан. Плейстоцен кезеңінің басында, альпілік орогенез кезінде пенепленге айналған өңір тектоник. процестер нәтижесінде кәдімгі тауларды түзген. Мұнда осы кезге дейін тектоникалық процестер жалғасуда. Оқтын-оқтын болатын жер сілкінулер — соның айқын дәлелі. Кен байлықтарынан облыс қойнауында полиметалл (Текелі), вольфрам (Бұғыты), молибден кентасының едәуір қоры, фарфор тастары (Қапшағай), барит, бентонит сазы (Ақсу, Алакөл аудандары), отқа төзімді балшық, кварц құмы, гипс, тас және қоңыр көмір (Ойқарағай, Тышқанбай), шымтезек, тұз кен орындары және минералды жерасты сулары бар.

Климаты


Алматы облысының климаты негізінен континенттік. Қысы қоңыржай салқын. Қаңтар айындағы орташа температура солт. жазық бөлігінде — $10-16^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте — $4-9^{\circ}\text{C}$. Жазы ыстық және қуаң. Шілде айының орташа температурасы солтүстігінде 25°C , оңтүстігінде 27°C . Бұл жазық өңірлерде жауын-шашынның орташа жылдық мөлш. 110-250 мм. Тау бөктерінің климаттық жағдайы жұмсақ. Қаңтар айының орташа температурасы — $5-9^{\circ}\text{C}$, жылымық жиі болып тұрады. Шілде айының орташа температурасы тау бөктерінде $21-23^{\circ}\text{C}$, тау аңғарларында $19-22^{\circ}\text{C}$. Жауын-шашын тау бөктерінде 400-600 мм, тау аңғарларында 700-1000 мм. Облыс жерінде жауын-шашын негізінен көктем мен жаз айының басында жауады. Солт. өңірдің жазығы мен тау бөктерлерінде қар жамылғысының орташа қалыңд. 10-30 см, тау беткейлерінде 40-100 см. Балқаш және Алакөл жағалауларында бриз желі соғады.

Гидрографиясы

Өзендері Балқаш — Алакөл тұйық алабында жатыр және жер беті ағын суына тапшы келеді. Олар қар, мұздық суларымен толысады. Ірі өзендері: Іле, Қаратал, Ақсу, Шелек, Шарын, Лепсі, Тентек, Жаманты, Ырғайты, Шілікті, Түрген, Есік, Бүйен. Ірі көлдері: Балқаш, Алакөл, Жалаңашкөл, Сасықкөл, (Ұялы) Қошқаркөл. Іле өзен бойында Қапшағай бөгені және СЭС-сі салынған. Тау бөктерлерінде минералды бұлақ сулары көптеп кездеседі.

Тұрғындары

Тұрғындарының орташа тығыздығы 1 км²-ге 7,3 адамнан (1997), тау етегінде (теңіз деңгейінен 500-900 м) 1 км²-ге 19 адамнан, Балқаш атырабында 1 км²-ге 2,6 адамнан келеді. Олардың 30,3 пайызы (Алматы қаласын қоспағанда) қалада тұрады. Қалалары: Алматы, Талдықорған, Қапшағай, Текелі, Талғар, Жаркент, Үштөбе, Үшарал, Қаскелең, Есік, Сарқан.



Алматы облысының осындай аймақтық ерекшеліктері халық жағдайына оң әсерін тигізіп, халықтың көптеп шоғырлануына, қолайлы өмір сүруіне өз ықпалын тигізеді

Облыс халқының этникалық құрамы(қазіргі таңдағы):

	1989 жылғы халық саны ^[6]	%	1999 жылғы халық саны	%	2010 жылғы халық саны	%
барлығы	1642917	100,00 %	1558534	100,00 %	1692951	100,00 %
Қазақтар	741737	45,15 %	926137	59,42 %	1094934	64,68 %
Орыстар	518315	31,55 %	339984	21,81 %	293445	17,33 %
Ұйғырлар	128057	7,79 %	140725	9,03 %	155158	9,16 %
Түріктер	18352	1,12 %	29448	1,89 %	32221	1,90 %
Әзірбайжандар	18922	1,15 %	16073	1,03 %	19237	1,14 %
Корейлер	18483	1,13 %	17488	1,12 %	16331	0,96 %
Күрдтер	8966	0,55 %	13264	0,85 %	15348	0,91 %
Татарлар	19551	1,19 %	15647	1,00 %	14620	0,86 %
Немістер	94123	5,73 %	18927	1,21 %	12835	0,76 %
Украиндар	29971	1,82 %	13512	0,87 %	8942	0,53 %
Шешендер	9304	0,57 %	6091	0,39 %	6352	0,38 %
Өзбектер	736	0,04 %	2650	0,17 %	3441	0,20 %
Қырғыздар	1536	0,09 %	1231	0,08 %	2409	0,14 %
Гректер	5016	0,31 %	2052	0,13 %	1767	0,10 %
Дүнгендер	570	0,03 %	1542	0,10 %	1765	0,10 %
Поляктар	2909	0,18 %	2106	0,14 %	1632	0,10 %
Белорустар	4721	0,29 %	2053	0,13 %	1443	0,09 %
басқалар	40000	2,43 %	37791	2,42 %	11071	0,65 %

Алматы облысының халық картасы

Масштаб 1:2 500 000

Шартты белгілер


Ұлттар

- Қазақтар
- Орыстар
- Ұйғырлар
- Әзербайжандар
- Түріктер
- Басқа ұлттар

Елді мекен

- Жолдар
- Темір жол
- Өзендер
- Көлдер

Халық тығыздығы



Карта 2005 ж. топографиялық карта негізінде құрылған.
Құрастырған: Нүсіп А.Ж.

Қорытынды

- * Байқағанымыздай Алматы облысының халық саны 2 млн-ға жетіп қалды. Әрине бұл облысымыздың орналасуы, керемет табиғаты, гидрографиясы, мүмкіншіліктері өмір сүруге өте қолайлы. Алматы облысының ең көп тығыз орналасқан бөлігі ол – таулы аймақ бөктерлерінде. Осы көрсеткішпенде біз облысымыздың тауларыменде мақтана аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жергілікті әкімшілік сайты:
<https://pokompu.kz/voity-stat-gov-kz/>
2. Қазақстан «Ұлттық атласы», 1-том
3. <https://kk.wikipedia.org/wiki>
4. Картографиялық мәліметтер: топографиялық карта
5. <https://primeminister.kz/page/article-85>